

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 25 сәуірдегі № 84 "2023 жылға пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларын, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 қарашадағы № 212 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 қарашада № 166-18 болып тіркелді

Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 25 сәуірдегі № 84 "2023 жылға пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларын, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 56-18 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығымен бекітілген 78-тармағына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

2) 163-тармақ 1-қосымшасының сөздері:

163.	"СЕЛЕКТ, эмульсия концентраты	литр	1 750,00"
------	-------------------------------	------	-----------

келесі сөздермен ауыстырылсын:

163.	"СЕЛЕКТ, эмульсия концентраты	литр	4 500,00";
------	-------------------------------	------	------------

3) 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес, жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Абай облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімінің бірінші орынбасары

Ш. Байбеков

Абай облысы әкімдігі
2023 жылғы 28 қарашадағы
№ 212 Қаулысына
қосымша
Абай облысы әкімдігінің
2023 жылғы 25 сәуірдегі
№ 84 қаулысына
2 қосымшасы

2023 жылға арналған пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдері

№	Бюджет түрі	Субсидия көлемі, теңге
1.	Жергілікті	529 000 000
2.	Республикалық	191 100 000
	Барлығы	720 100 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК